



ÓZEN

АРНАЙЫ БАСЫЛЫМ 2022 ЖЫЛ

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Арбат құрылысы қарқынды



Жаңаөзен – мұнайшылар орда-сы, жыл санап көркейіп, көріктеніп келе жатқан құтты мекен. Қаладағы әрбір жаңалық, оң өзгерістерге көңіл марқайып, масаттанып қуанамыз. Мұнайшылар қаласы тұрғындарының да қатары дүниеге келіп жатқан сәбилер тарапынан жыл санап көбейіп келеді. Соңғы уақытта қала тұрғындары балалар ойнайтын, демалыс күндерінде серуендейтін орындарға сұраныс жасауда. Көпшіліктің тілегі қабыл болып, Жаңаөзенде еліміздің ірі Астана, Алматы секілді қалаларындағыдай Арбат демалыс аумағы құрылысы жүріп жатыр.

Арбат «Өзенмұнайгаз» АҚ қаржылай демеушілігімен салынуда. Құрылыстың жалпы ұзындығы 430 метрді құрайтын 17 маусым және Қосқұлақов көшесі, «Өркен» шағынауданының №1 үйіне кіреберіс жолына дейінгі 200 метр аралықты қамтиды. Орталықта жаяу жүргінші жолы, әртүрлі өткеншектер, субұрқақ, көлеңкелі шатырлар және сауда павильондарын орнату қарастырылған. Құрылыс жұмыстарын Астана қаласынан келген «АдилСтройАстана» ЖШС жүргізуде.

Жаңаөзен қалалық тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық бөлімінің ақпаратына сәйкес, шілде айының 15 жұлдызынан бастап салынып жатқан «Арбат» құрылысын 2022 жылы 31

желтоқсанда аяқтау жоспарланған. Көгалдар мен гүлзар отырғызу және су-бұрқақты қосу 2023 жылдың сәуір айына жоспарланды.

Елдос БОЛАТҰЛЫ,
«АдилСтройАстана» ЖШС директоры:

Біздің компания құрылыстың бас мердігері болып табылады. Ресми түрде жұмысымызды 15 шілдеде бастадық. Бүгінгі таңда жобаның 70 пайызын орындап болдық. Орталықтың жұмысын жергілікті жұмысшылар жасап жатыр. Құрылыс-қа да отандық кәсіпкерлердің өнімін қолданып жатырмыз. Қала тұрғындарының демалуына қолайлы жағдай туғызу үшін қолға алынған жобаның құрылысы бүгінде қарқынды жүріп жатыр. Орталықта табиғи ағаштан жасалған 2 ойын алаңы, әртүрлі өткеншектер, субұрқақ, 2 стритбол алаңшасы, жаяу жүргіншілер жолы болады. Сондай-ақ көлеңкелі шатырлар мен сауда павильондарын орнату қарастырылған. Аумақ толықтай көгалдандырылады. Алла бұйырса барлығы жылдың аяғына дейін бітуі керек, ал көгалдандыру жұмыстары көктемде жалғасады.

АНОНС

Жаңаөзен
медицинасындағы
серпіліс

3



4
5

Балалар
жылы

ӘКЕ

7



24/7

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
сенім телефоны жұмыс істейді

Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік департаментінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі. Қауіпсіздік департаментінің сенім телефоны:
+7 (72934) 65-1-54. Электронды поштасы:
doverie@umg.kmgep.kz



Қайтымды инвестиция

Білімге ақша құю – жақсы инвестиция. Бұл сөзімізге еш талас жоқ шығар. «Өзен-мұнайгаз» АҚ басшылығы да білім деген қазынаның құндылығын жақсы түсінеді. Осы себепті болса керек, компания білім саласын қаржыландырудан қалыс қалған емес. 2020 жылы «Өзенмұнайгаз» қаржыландыруымен жеке ғимаратының ашылуына куә болған білім-инновация лицейінің ұстаздары мен оқушылары компания басшылығына дән риза.



Жаңаөзен қаласында алғаш 2015 жылы ашылған білім-инновация лицейі жеке шаңырағына екі жыл бұрын ие болды. Мектеп бұған дейін №9 орта мектеп ғимаратының бір бөлігінде орналасты. 2019 жылы лицейге бөлек ғимарат берілетін болып, білім ордасы ескі «бизнес-инкубаторға» көшті. Күрделі жөндеуді аса қажет еткен нысан «Өзенмұнайгаз» компаниясының қаржыландыруымен ретке келтірілді.

– Акционерлік қоғам ғимаратты жөндеуге 370 млн теңге қаражат бөлді. Оның 320 млн теңгесі жөндеу жұмысына кетсе, 50 млн теңге қаражатқа мектепке қажетті құрал-жабдықтар сатып алынды. Соңғы үлгідегі, сапалы материалдар шетелден әкелінді. Есіктерді Түркиядан тапсырыспен алдырттық, ал парталар – Германияда шыққан. Акт залдағы орындықтар, асханадағы үстелдердің бәрінің сапасы жақсы, – дейді лицей директорының қоғаммен байланыс жөніндегі орынбасары Ерқанат Жаших.

Бұдан бөлек, 12 пән кабинеті тиісті деңгейде жабдықталыпты. Қазіргі таңда білім ордасында 190 оқушы бар. Интернат болғандықтан алыстан қатынайтын 100 оқушы жатақханада қоныстанған. Ғимараттың 3-қабаты арнайы жатақ ретінде жабдықталған. Қалған екі қабат – сабақ өтуге арналған.

Информатика кабинетіне заманауи iMac компьютерлері қойылған. Құны қымбат тұратын сапалы техниканың балаларға берері көп деседі.

– Тек компьютерлер ғана емес, барлық материалдық база оқушылардың білім сапасына әсер етпей қоймайды, – дейді директордың орынбасары.

– Бұрынғымен салыстырғанда мектептің білім көрсеткіші сәл де болсын жоғарылады. Қай жерде де материалдық жағдайдың жақсы болғаны – құба-құп. Білім ордасындағы ортопедиялық орындықтар денсаулыққа оң әсерін тигізеді. Бұрынғы ғимаратта су бірде болып, бірде болмай, көптеген келеңсіздіктер туындайтын. Қазіргі нысанда осы сынды барлық мәселелердің шешілуі – балалардың көңіл-күйіне, талпынысына әсер беретіні сөзсіз.

Тек ер балалар оқитын мектептің жаңа ғимаратқа көшкелі бері үшінші оқу жылы басталғанымен, білім ордасы – сол қалпы. Ешнәрсе бүлініп, сынбаған. Мұның барлығы – сапалы жөндеу мен жабдықтардың арқасы дейді мұғалімдер.

Мектептің спорт залы стандартқа сай емес-тін. Былтыр лицей жанынан жаңадан ангар типтес спорт кешені салынып, бұл мәселе де оң шешімін тапты. Екі қабаттан тұратын нысан биылғы оқу жылында қолданысқа берілді. Жоғарғы қабатында жаттығу залы орналасқан. 1-қабатта 2 киім ауыстыратын бөлме, душ, әжетхана бар.

– Жобаға 445 млн теңге қаржы жұмсалды. Қазіргі таңда волейбол, баскетбол, күрес, тоғыз-құмалақ, шахмат, футбол үйірмелері жұмыс істеп тұр. Оқушыларымыздың 70–80 пайызы спортпен айналысады. Өңкей ер балалар болғандықтан, барлығы спортқа жақын, – дейді Ерқанат Жаших.


Бұрынғы спортзал тым тар болыпты. Жағдай жақсарғаннан кейін балалардың спорттағы жетістіктері де артқан. Мәселен оқушылар жақында футболдан республика лицейлері арасында 3-орын иеленген. Кешен ашылғалы ата-аналармен байланысты арттыру мақсатында спартакиада да өтіп үлгерген. Қазіргі таңда балалар баскетбол мен волейболдан болатын жарыстарға қарқынды дайындалып жатыр.





ЖАҢАӨЗЕН МЕДИЦИНАСЫНДАҒЫ СЕРПІЛІС

БИЫЛ ҚАЛАМЫЗДА ЖАҢА МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АШЫЛЫП, ОҒАН ЖАҢАӨЗЕН КӨПБЕЙІНДІ ҚАЛАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ КӨШІРІЛГЕН ЕДІ. ҚҰНЫ 8 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСАТЫН ЖОБАНЫҢ ІСКЕ АСУЫНА «САМУРЫҚ ҚАЗЫНА» АҚ ЖӘНЕ «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» КОМПАНИЯСЫ МҰРЫНДЫҚ БОЛДЫ.



2 гектар жер телімінде орналасқан нысан 4 қабаттан тұрады. 1-қабатта қабылдау бөлімі, ультрадыбыстық зерттеу, фгдс аппараттары бар. 2-қабатта травматология, неврология, инсульттік физикалық ем, 3-қабатта хирургия, терапия бөлімдері орналасса, 4-қабат ота блогы және жан сақтау бөлімінен тұрады. Ғимараттың қосымша корпусында оңалту, физиотерапия, гинекология және диагностикалық бөлім бар.

– Бұрын көпбейінді аурухананың әр бөлімі әр жақта, шашыраңқы орналасқан еді. Жаңа жобаның арқасында олар бір жерге шоғырландырылып, Жаңаөзен медицинасы оңтайландырылды. Қазір тек перзентхана мен инфекциялық бөлім бөлек ғимаратта жұмыс жасайды, – дейді аурухана директоры Серік Асқаров.

Бұған дейін 1970 жылдары салынған, тозығы жеткен нысанда жұмыс істеп келген аурухананың жұмысында ілгерілеу бар. Заманауи құрылыс материалдарымен жабдықталып, соңғы үлгідегі медициналық аппараттармен қамтамасыз етілген аурухана қызметі сапасының жоғарылауы – орынды, әрине. Қазіргі таңда аурухана қызметкерлері өздеріне берілген бұрын соңды болмаған МРТ, жаңа үлгідегі КТ, цифрлық рентген, маммограф, флюорограф, жүрекке ота жасайтын ангиограф және көз бен ауыз, құлақ, мұрынды қарайтын аппараттармен жұмыс жасауда.

– Жаңа мүмкіндіктердің арқасында дәрігерлеріміз көптеген бұрын соңды Жаңаөзенде жасалмаған оталарды істеп, қаламыздағы медицина саласының дамуына үлес қосуда. Жақында алғаш рет науқастың бел омыртқасына темір салу отасы, геморрагиялық инсульт алған және жарақат әсерінен бас сүйектері сынған науқастардың миына ота жасалды. Қазіргі таңда бізде тек дәрігерлер тапшылығы өзекті мәселе болып тұр. Бұл түйткіл шешілсе, аурухана жұмысы одан сайын қарқындай түсер еді, – дейді аурухана басшысы.

Жаңа жабдықтар берілгеннен соң аурухана басшылығы жан-жақтан тиісті мамандарды іздеп, жұмысқа тартуда. Ендігі кезекте реаниматолог және неонатолог дәрігерлер қажет көрінеді. Кардиохирург табылған жағдайда коронарография, жүрекке стент қоятын оталар жасалмақ.

Аурухананың материалдық жағдайы 100% жасалған. Германия, Жапония мен Швейцария елдерінде шығарылған медициналық аппараттар науқастарға тиісті деңгейде қызмет көрсетіп тұр. Осының арқасында тұрғындар Ақтау, Астана мен Алматыға сабылмай-ақ көптеген медициналық қызмет түріне жүгіне алады. Жабдықтардың үздіксіз жұмыс жасауы үшін келеңсіз жағдайларда қолданатын 2 дизельді генератор мен оттегі станциясы да аурухана құзіретіне берілген.





Балалар жылы: «Samruk-Kazyna Trust» қорының ЖАҢАӨЗЕНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ



«Samruk-Kazyna Trust» қоры «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы атынан Маңғыстау облысында 24-25 қараша күндері пресс-тур ұйымдастырған болатын. Мақсаты – қор қаржыландырған жас ұрпақты қолдау, олардың дамуына жағдай жасау бағытындағы әлеуметтік жобаларын қоғам назарына ұсынып, көпшілікке таныстыру.

Пресс-тур барысында Жаңаөзен қаласындағы бүгінде қолданысқа берілген, сонымен қатар құрылысы жүріп жатқан нысандар көрсетілді. Шараға «Самұрық-Қазына» АҚ қоғаммен байланыс, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директоры Фибрат Ауғанов, «Samruk-Kazyna Trust» қорының бас директоры Альфия Адиева, жергілікті атқарушы органдар, «Маңғыстаумұнайгаз» және «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазпошта» АҚ өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар мен жергілікті БАҚ өкілдері қатысты.



БАЛАҚАЙДА 27-баланың ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ



«Балақай» оңалту орталығында Ауған соғысы ардагері, қалалық Қоғамдық кеңес төрағасы Аманқос Еділов бір жарым жасар Нұртілек Жұмабергеннің тұсауын кесіп, жарқын болашақ тіледі. Тәй-тәй басқан балапанға қажылықтан әкелген тақиясын кигізіп, ойыншық көлік тарту етті.

Әзім медицина саласында қызмет ететін. Немерем Нұртілекті екі айында әлсіз екенін байқадым. Көңіліме күдік ұялап, медициналық сараптамадан өткіздік. Сілекейінен цитомегаловирус анықталды. Ем алғанмен балада жақсы өзгеріс болмады. Невропатологта болып, «Балақай» орталығына жолдамамен келіп, үшінші рет оңалту курсынан өтіп жатырмыз. Орталыққа әкелгенде бала бір жаста болды, еңбектемейтін, отыра алмайтын. Аяққа тұрып жүріп кеткеніне қуаныштымын, – деген Нұртілектің әжесі Әлия Еңсепова ел тізгінін ұстаған азаматтар мен дәрігерлерге рақмет айтып, батасын берді.

«Samruk-Kazyna Trust» қоры «Балақай» оңалту орталығына 40 млн теңге бөліп, орталыққа қажетті озық елдерде өндірілген 25 емдеу-сауықтыру құрал-жабдықтарын алып берген болатын. Бүгінде осы орталықта жылына 500-ге жуық бала ем алады.



3 мектепке 1756 ПАРТА ЖИЫНТЫҒЫ

Пресс-турдың алғашқы аядамасы – қаламыздағы №22 мектеп. Білім ордасына «Samruk-Kazyna Trust» қоры «Жарылқау» жобасы аясында заманауи үлгідегі 550 парта мен 1150 орындық, 4 интерактив тақта сатып алып берген. Мектеп басшысы Зәуре Құсайынованың айтуынша, оқушылар оқу жылы басында жаңа партаға отырып, мектептің бағдарламалары толық орнатылған тақталарды пайдаланып келеді. Аталмыш мектепте 1213 оқушы білім алады.

Мемлекет басшысы жариялаған «Балалар жылында» қор өскелең ұрпаққа сапалы білім алу үшін қажетті жағдай жасауға мүдделі. Осы бағытта Жаңаөзен қаласы бойынша 3 білім беру ордасына, атап айтатын болсақ №18, 20, 22 орта мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, соның ішінде парталар мен интерактив панельдер алуға 169 млн теңге қаражат жұмсады. Оқу мекемелеріне берілген заманауи парта жиынтықтарының жалпы саны 1756 дананы құрайды, – деді Ф.Ауғанов.

Пресс-тур барысында мектепке экскурсия жасалып, заманауи құралдарды пайдаланып жатқан мұғалімдер мен оқушылардың сыныптардағы сабақ өту жайы қаралды. 9-сынып оқушы Дияра Ізбасар мектебінің жылдан-жылға әсемделіп келе жатқанын айтып, жаңа оқу жылында қолданысқа берілген инновациялық жаңалықтар оқушының кітапқа деген қызығушылығын, сабаққа деген ынтасын арттырғанын жеткізді. Барлық мектеп бағдарламалары жинақталған тақталар тақырып талдау әрі түсінуде тиімді екенін атап өтті.



Ерекше балаларға бейімделген СПОРТ СЕКЦИЯЛАРЫ

«Samruk-Kazyna Trust» қоры ерекше қажеттіліктері бар балалар арасында бұқаралық спортты дамыту мақсатында жүзеге асырған жобасы - «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қоры арқылы «Саламатты болашақ» әлеуметтік жобасы аясында ерекше балаларға арналған инклюзив спорт секциялары. Бұл жұмысты ұйымдастыруға, мамандарды оқыту мен еңбекақысына қор тарапынан 6,5 млн теңге қаражат жұмсалған.

Ерекше балалардың өмір сүру сапасын жақсарту, өздігінен әрекет етуге, бейімдік дене шынықтырумен айналысуға мүмкіндік жасайтын жоба бойынша бочча, адаптив жүзу, бейімдік хореография секциялары жұмыс жасайды. Жаттығулар Р.Өтесінов атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде өткізіледі. 30-дан астам бала қатысады. Пресс-тур кезінде секциялар жұмысы, бір жылдық жетістіктері таныстырылып, қатысушылар балалармен бірге бочча ойнады. Сонымен қатар жақында ғана ашылған бейімдік хореография үйренушілері алғашқы өнерлерін көрсетті.

«Саламатты болашақ» жобасының Маңғыстау облысы бойынша координаторы Феруза Илиясқызы ата-аналар мен балалар атынан алғыс айтып, «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғаммен байланыс, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директоры Ғибрат Ауғановқа бочча үйірмесінің спортшыларының чемпионатқа қатысқан фотосын ұсынып, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Мақсат Ибағаровқа Алғыс хат тапсырды.

ДЕНІ САУ ҰРПАҚ — БАҚЫТТЫ БОЛАШАҚ



Әмин Тұяқов атындағы стадион жанынан ашылған заманауи көпфункционал үрмелі спорт кешені «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қаржылық қолдауымен салынды. Жалпы еліміз бойынша 4 үрмелі спорт кешен болса, соның бірі біздің қаламызда орналасқан.

Спорт кешенінде қазақша күрес, еркін күрес, грек-рим күресі, дзюдо, киокушинкай каратэ-до, тхэквондо, муай тай, волейбол, көркем гимнастика және тағы басқа спорт түрлерімен айналысуға барлық жағдай жасалған. Сондай-ақ екі жолақты жүгіру жолы сызылған. 228,3 млн теңге қаражат жұмсалған кешен ауа райына қарамастан жыл бойы жұмыс істейді. Қазіргі таңда 12 жаттықтырушы, 350-ге жуық спортшы жаттығуларын үш ауысым бойынша өткізеді.

— Кешеннің бір артықшылығы қай мезгілде болсын бірқалыпты температураны ұстап тұрады. Сонымен қатар жарық сөніп қалған жағдайда да орнатылған генераторлармен жұмыс жасай береміз. Барлық жағдай жасалған, ерлер мен қыздарға арналған киім ауыстыру бөлмесі бар. Спорт инвентарлары, күреске арналған кілемдер кешен ашылған кезде қор тарапынан толық қамтамасыз етілді. Ашылғанына бір жыл болса да түрлі жарыстар, турнирлер, чемпионаттар өтті. Қатысушыларымыздың да нәтижесі жақсы. Бізде әр спорт бойынша жүлдегерлеріміз жетерлік. Кешен жарыс өткізуге өте қолайлы. Басқа өңірлерден келген спортшылар қызығады. Жуырда осы кешенде киокушинкай каратэден Азия чемпионаты өтті. Шараны ұйымдастыруға «Өзенмұнайгаз» АҚ қаржылай қолдау көрсетті, — дейді үрмелі спорт кешені сектор меңгерушісі Есеке Қалдүрдиев.

Спорт кешені №1 Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне қарайды.



БАЛАЛАРҒА ОЙЫН ЖӘНЕ СПОРТ АЛАҢДАРЫ

«Samruk-Kazyna Trust» қорының қаржылай қолдауымен Жаңаөзен қаласы бойынша 16 балалар ойын және спорт алаңы, Жетібай ауылында 5 алаң салынды. «Спорт алаңдарын салу» жобасы бойынша жұмыстарға 1 миллиард теңге қаржы қарастырылған. Футбол, баскетбол, воркаут алаңшалары мен балалар алаңдары толық 2023 жылдың 2 тоқсанының соңына дейін тұрғындар игілігіне беріледі деп жоспарлануда.



-«Өркен» шағынауданы 75-үйде 1999 жылдан бері тұрамын. Үйдің алдындағы балалар алаңы осы уақытқа дейін 3 рет салынды. Сапасыз дүниелердің ғұмыры ұзақ болмады. Бүгінгі құрылыстың барысын бақылап қарап жүремін, жерге бетон төселіп, жарақаттан сақтайтын жұмсақ төсемелер төселіп жатырғанын байқадым. Осы істі қолға алған барша азаматтарға алғыс айтамын, — деді қала тұрғыны Абылай Төленұлы.

Бас мердігер «СМК-Атамекен» ЖШС директоры Асқар Көбейсіновтің айтуынша, 16 ойын және спорт алаңы 2 тип бойынша жасалуда. Біріншісі 1200 шаршы метрлік комплекс алаңша, оның ішінде жасанды көгал төселген футбол алаңы, тренажерлары бар воркаут, балаларға арналған ойын алаңы болады. Екіншісі балалар ойын алаңы, воркаут, баскетбол мен волейболға арналған 700 шаршы метрлік алаң. Құрылысқа қазақстандық материалдар қолданылуда. Алаңның негізі 20 см шебін, 12 диаметрлік арматура, оның үстіне екіжүздік маркадағы бетон мен қалыңдығы 1,5-2 см жобасында тартанды жабынды төселеді. Алаңшалар Жаңаөзен қаласы мен Қызылсай, Теңге, Рахат ауылдарында салынуда. Қазіргі таңда жұмыс қызу жүріп жатыр.

2017–2022 ЖЫЛДАР АРАСЫНДА ЖАҢАӨЗЕНДЕ 42 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСТЫ

«Samruk-Kazyna Trust» қоры «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы атынан қайырымдылық жобаларын іске асырады және бірінші кезекте халық үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге басты назар аударады. Жалпы қор 2017–2022 жылдар арасында Жаңаөзенде 42 жоба жасаған болса, ағымдағы жылы республика бойынша 44 жобаны жүзеге асыруда. Биыл ғана өңірден 1,8 млрд сомаға 8 жоба мақұлданды. Маңғыстау облысында бар үкіметтік емес ұйымдар мен портфельдік компаниялардың бастамаларын қолдауға дайын.

Пресс-тур аясында «Samruk-Kazyna Trust» қорының Жаңаөзен қаласы бойынша қаржылай қолдау көрсеткен 5 нысанның жұмысы таныстырылды. Шара Жетібай ауылында жалғасып, ол жақта да құрылыс жүріп жатқан алаңдар қаралды. Сонымен қатар Ақтау қалалық перинаталдық орталығындағы «Басқарылатын гипотермия» аппараты, «Саламатты Болашақ» бейімделген спорт секцияларының жұмысы таныстырылып, «Қамқорлық» ерте араласу және оңалту орталығының ашылу рәсімі өтті.



Мейірім құшағындағы БОЛАШАҚ

«Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығы бастамасымен 2021 жылы наурызда ашылған «Балақай» оңалту орталығында жылына 500-ге жуық бала ем алады. «Балақайға» компания жұмысшылары ай сайын ерікті түрде жалақыларынан өздері қалаған сомада қаржы аударып, сауапты іске атсалысып келеді.

Жаңабай аяққа тұрса, жеті жасар Таңатар Аманбектің тілі шықты. Осылайша қаншама жанның үміт оты жағылып, болашаққа сенімі артты.

**Қарлығаш Қонысбаева –
Жалғас Жаңабайдың шешесі:**

Ауыратын баланы да, оның әке-шешесін де сабылtpай қаламыздан оңалту орталығын ашқан мұнайшыларға шын жүректен алғыс айтамын. «Балақай» ашылғанға дейін бірнеше рет басқа қалаларда емдеу порталы арқылы оңалтудан өттік. «Жол азабын тартқан білер» демекші, қиын болды. Орталық ашылып, қуанышымызда шек жоқ. Балам көңіл-күйі қалыпты жағдайға түсті. Өзімен-өзі ойнай бастады. Мұнайшыларға да, дәрігерлерге де сау болсын айтамын.

«Балақайда» өткен жылдың тамыз айынан бастап эрготерапия кабинеті жұмыс істейді. Эльмира Нұрпейісова – осы саланың әрі еңбек терапиясының білікті маманы.

– Гемипарез, аутизм, ой-өрісі дамуы тежелген, тонусы әлсіз балалар қолы икемсіз болады. Олар қолына ештеңе ұстай алмайды, өздігінен тамақтана алмайды, киімін кие алмайды. Осындай балаларға 6 тәсілмен ем жүргізіледі. Бала бұршақ, макарон, моншақ секілді майда заттарды бір жерге жинауға тырысады. Қозғалыс бала тілінің шығуына да әсер етеді, – дейді эрготерапевт.

«Балақайдағы» тәжірибелі мамандардың ерен еңбегінің нәтижесінде қолының сіңірі тартылып, алақаны жұмылып қалған балалар бірнеше курстан кейін жақсы жағына өзгере бастайды. Мәселен Малика Досы үш емдік курстан соң заттарды қолына қысып ұстап, тамақтанып, ойыншықтармен ойнай алатындай дәрежеге жеткен.

**Әлімжан Өтеген –
6-сынып оқушысы:**

Тіпті бәтеңкемнің бауын да байлай алмаушы едім. Қазір байлай аламын, түйме қадау да қолымнан келеді. «Балақайдағы» дәрігерлер мен де-меуші болып отырған мұнай-шыларға көп рақмет айтамын. Бақыт деген денсаулық екен. Соны түсіндім.

«Балақай» оңалту орталығын алдағы уақытта кеңейту, қыз-мет түрін көбейту жоспары бар. Құлағында кінәраты бар балалар үшін сурдопедагог қажет. Бұдан бөлек аутист балаларға арнап АВА, сенсор, құм терапиялары ұйымдастырылса артық болмас еді. Емнің бұл түрлері атын атаса қарамайтын балалардың көңіл аударуына, жан-жағына мән беруіне көмектеседі.



Мұнайшылар демеушілігінің арқасында орталық жұмысы жүйелі түрде тұрақты жұмыс істеп келеді. Ай сайын отыздан астам баланың сауабы тек қана дәрігерлерге ғана емес, осы істі ұйымдастырушыларға, қаржылай қолдаушыларға тиеді деп білемін. Оңалту шарасы – сырқаты бар балаларды өмірге бейімдеуде өте маңызды. Қамкөңіл балаларға берілген мүмкіндік үшін мың алғыс, – дейді Фатима Кенғанова, орталық директоры әрі невролог дәрігер.

«Балақайда» оңалту орталығында ой-өрісі дамуы тежелген, сал ауруы, аутизм, гемипарез, түрлі неврология ауруына шалдыққан 1 жастан 16 жасқа дейінгі балаларға



бике, эрготерапевт, физиомедбике, әкімші және тазалық мамандары, барлығы 20 адам қызмет етеді.

Мұнда тіркелген балалар жылына кем дегенде екі рет ем алады. Балада ілгерілеу байқалған жағдайда мамандардың өзара ақылдасуымен жылына үш рет шақырылады. Аяққа тұрып, тілі шыққан балаларға ем жалғаса береді. Бүгінгі күні оңалту орталығында 28 бала аяғына тұрып, 15 баланың тілі шықты. Белін, мойнын ұстай алмай, отыра алмаған балапандар емнен кейін денесін ұстап, отырып, еңбектеп, орнынан тұрып, аяқты ұшымен басып, жүріп кеткен, дыбыс шығарып, әріптерді анық айтып, қолға қасық, ойыншықты қысып ұстап, аяқ киімінің бауын байлауды үйренген, түс ажырата бастаған. Солардың арасында алты жасар Жалғас



ем жүргізіледі. Қала бойынша неврология ауруымен ауыратын 1000-нан астам бала болса, орталыққа 600-дей бала тіркелген. Орталықта невролог дәрігер, емдік дене шынықтыру маманы, массажист, логопед, психолог, мед-

бике, эрготерапевт, физиомедбике, әкімші және тазалық мамандары, барлығы 20 адам қызмет етеді.





[әңгіме]

ӘКЕ

Қаңтардың аяғында Әсемгүлдің әкесінің ыстығы көтеріліп, орнынан тұра алмай жатып қалды. Ыстығы кешке дейін түспей қойды. Өмір-бақи ауыр жұмыс істеген әкесі адал жүріп, адал тұрды. Үш қызын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай мәпелеп өсірді. Өткен жазда шешесі көз жұмды. Қатерлі ісіктен кетті. Диагнозы өте қорқынышты. Мидағы ісік. Марқұм шешесі жыл бойы аурухана төсегіне таңылды. Қатты қиналды, ақыл-есінен айырылды. Ұзақ уақыт дәрінің көмегімен жатты. Шешесінің өлгені әкесіне ауыр тиді. Есі ауып қалды. Екі апасы тұрмыста. Әсемгүл әкесімен бірге тұрып жатыр. Екеуінің айтатын ортақ әңгімесі жоқ. Бір-біріне болмайтын жерде қитығып қалатыны тағы бар.

Қалың киініп, ауруханаға барды. Қайта-қайта қар жауды. Палатада басы артық бір бөтен дыбыс жоқ. Әкесінің түрі әбіржіп кетіпті. Әсемгүл маңдай терін сүртті, қақырығын түкіртті. Дәрігерлердің науқастарды аралап шығатын уақыты басталды. Біраздан соң тамақтарды сүйретпеге салып алып, үлестіре бастады.

– Тамақ ішпесең, күш-қуат жинай алмайсың деген сияқты бірдеңелер айтқан болды.

– Әуелі есейесің, сосын маңдайың тасқа тиеді де, жүнің жығылып, сосын барып өмірді түсінесің. Мен қара халықтан шыққан адаммын. Алқып-шалқып өмір сүремін деген арман орындалмады. Бұл әлем әуелден әділетсіз. Әйтсе де, жалпақ әлемге жау көзбен қарауға болмайды. Біз

білмейтін бұлыңғыр дүние көп. Өмір бітті. Жаным бір жылу іздейді. Анаң кеткелі жеркөкке сыймай жүрмін. Ол мүлде өзгеше адам еді ғой. Қалқайып жүргенім анаңның арқасы екен. Соны анық ұқтым. Күнделікті күйбең тірлікпен үшеуіңізді оқытамыз, бірді-бірге жалғап жүріп қарызды жабамыз деп жүргенде өмірдің өтіп кеткенін білмей де қалыппын. Қазымырланып кетсем, айыптымын. Кең көсілуге еш негіз жоқ, – деді өмірден қажыған әкесі. Екі қолын айқастырып, көзін жұмды.

Осымен бәрі тәмам. Әкесі жақсы көрген адамын іздеп жатыр. Үстінен түсініксіз иіс шыққан оның бомази жейдесі түймесінің үзілгелі тұрғанын байқап, көңілі босады. Бірдеңе айтайын десе, тамағына тас тұрып қалғандай болды.

– Әке, жынды мінезім бар екенін білем. Кешірші мені... Бізде бәрі жақсы болады, – деді Әсемгүл.

Қасындағы кісі ұялы телефоннан саяси пікірталас көріп отыр екен. Гу-гу әңгімені тұншықтырып тастағысы келді. Өзге екі науқас түрлі аурулар туралы сөз қозғады. Дәлізден қаңғыр-қаңғыр дауыс естіліп тұр. Біраздан соң әлгілер сораптап шай ішіп отырып алды. Борсыған иіс, дыбыстар, науқастардың бет-әлпеті, ашу-ыза, күйзеліс, торыққан көңіл... бәрі-бәрі Әсемгүлдің жүйкесіне тиіп тұр. Терезеде үлкен шыбын қозғалыссыз қатып қалыпты.

Көзін жұмып өткен күндердің түнегіне сүңгіп кеткен әкесінің жанында отырған Әсемгүлдің тәрбиесінде де, білімінде мін жоқ.

Білдей компанияның дырдай экономисі. Байға өтпей отырған жоқ, күйіп – жанып ғашық болатын жан кездеспей кетпей отыр. Түсінде аулада секіріп-қонған мың сан қызыл шегірткені қуалап жүр екен дейді. Жақсылыққа жорып қойды.

Дәлізге шықты. Аузына дамыл жоқ сәкідегі үш кемпірдің әңгімесі таусылып болмады. Көлік кептелісі, лас ауа, қымбат пәтерақы... маскүнемдікке салынып, ақыры жұмыстан қуылған медбике...

Далаға шықты. Суық тура сүйегіңнен өтеді. Аурухана ауласында қай жақтан келгені белгісіз бір бұралқы ит жүр.

Көшеде қызық көріп шу-шу еткен жұрттың қарасы көбейіп қалыпты. Полиция өзінің дыбыс күшейткіші арқылы жиналғандарға әлдене деп жатыр. Бір бала шешесін іздеп жылап жүр.

Әсемгүл ештеңеге мән бермей кафетерийге барып, дәмсіз, суық бірдеңе ішкен-дей болды. Бір айдан бері ауырып жатқан әкесіне төбе көрсетпеген екі апасын ойлады.

Қостаспақшы болып, ауруханаға бас сұққан Әсемгүл әкесінің өліп қалғанын білді. Өзегінен әлдене үзіліп түсіп, іші қаңырап қалғандай болды. Бас әңкі-тәңкі. Көңілі алай-дүлей. Жаны сыздап ауырды. Тып-тыныш жер тауып, жүйкесін тыныштандырғысы келді.

Апаларына телефон шалмақшы болып тысқа шықты. Көзінен аққан жасты алақанымен сүртіп, аспанға қарады. Шетсіз-шексіз аспан көз қарықтырды.

Қыз түп көтеріліп алыс жаққа ұшып кеткісі, нөпір жұрттың арасына сіңіп жоқ болғысы, жарықты сөндіріп, пердені қымтап, тас бүркеніп жатып қалғысы келді. Бар әлем шайқалып тұр...

Бибігүл Бөбекбай



ПАРАЛИМПИАДАЛЫҚ спорт орталығы ашылады

СОҢҒЫ УАҚИТТА ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА СПОРТ САЛАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫП КЕЛЕДІ. ТҰРҒЫНДАР АРАСЫНДА СПОРТҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТҚАН. ТҰРҒЫНДАР СҰРАНЫСЫНА ОРАЙ ҚАЛАДА СПОРТЗАЛДАР ДА КӨПТЕП САЛЫНЫП ЖАТЫР.

Қалада 10 спортзал салу туралы шешім қабылданған болатын. Соғардың бірі – №19 орта мектеп жанынан бой көтерген паралимпиадалық спорт орталығы. «Өзенмұнайгаз» АҚ қаржыландыруымен салынған нысанның құрылысы былтырғы жылдың қазан айында басталды. Қазіргі таңда құрылыс жұмысы аяқталуға жақын. Орталықта «Алға» мүгедектер спорт клубы шоғыр-ланбақ.

ие бола-тынымызға қуаныштымыз, – дейді «Алға» спорт клубының төрағасы Құралбек Сейітов.

Екі қабатты нысанда мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен шұғылдануы үшін барлық жағдай жасалып жатыр. Оларға арнап лифт қойылып, талапқа сай пандустар орнатылуда. «Алға» клубындағы барлық спорт түрімен айналысуға бола-тындай жөндеу жасалып, құралдармен



дайындалудамыз, – деп жалғады әңгімесін клуб төрағасы.

Осылайша қала, облыс, ел мерейін өсіріп жүрген спортшыларымыз жеке шаңырағына ие болмақ. Клуб мүшелері дайындалатын тұрақты спортзал болмаса да, бастаған ісін аяғына дейін жеткізіп жүр. Клубтың ауыз толтырып айтатын жетістігі – аз емес. Олар отырып ойнау волейболынан екі дүркін Азия, он бір дүркін Қазақстан чемпионы, тұрып ойнау волейболынан сегіз дүркін, арбада билеуден екі дүркін Қазақстан жеңімпазы. Бұл – олардың жетістігінің бір бөлігі ғана. Клуб мүшелері қай спорт түрінен болмасын намысты қолдан берген емес.

Клуб төрағасы додаларда оза шауып,

«жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атанып жүрген спортшылар жаңа, замануи, арнайы жабдықталған спорт нысанында жаттығатын болса, алар асу аз емес екеніне сенімді. Ол барлық түйткіл тартылса, спортшылардың көңіл-күйіне, ынта-жігеріне оң әсер ететінін айтады.

Қазіргі таңда волейболшылар келесі жылы өтетін Азия чемпионатына тыңғылықты дайындалуда. Алда барлық спорт түрінен спартакиада мен Қазақстан кубогына талас та өтеді. Спортшыларды Латвия, Дания мен Омсктегі халықаралық жарыстар да күтіп тұр. Клуб мүшелерінің жаңа спорт орталығында тиісті деңгейде дайындалып, аталған додаларда топ жаруына тілектеспіз! Спортшыларға тек сәттілік!



– Клубымызға жеке, арнайы зал керек деп бұрыннан айтып жүрміз. 1993 жылы құрылған клубымыздың Қазақстан спорты үшін маңызы зор. Спортшыларымыз 30 жылға жуық уақыт ішінде талай белесті бағындырып, биіктен көрініп жүр. Осы жетістіктерімізді елеп, қала әкімдігі, «Өзенмұнайгаз» компаниясы Жаңаөзенде салынып жатқан бір орталыққа бізді орналастыратын болып шешім қабылдапты. Өтінішіміз жерде қалмай, жеке шаңыраққа

жабдықталды.

– Спорт клубта қазір 90-ға жуық адам тіркеуде. Дегенмен олардың бәрі бір жерде жаттықпайды. Арнайы спортзалымыз болмағандықтан, қай жерде спортзал бос, сол жерде дайындалуға мәжбүрміз. Мәселен, волейболшылар 1-орта мектепте жаттығады, зілтеміршілер – «Энергетикте», жүзушілер – Р.Өтесінов атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде, ал үстел теннисі бойынша бір үйірмеде

